

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің бағалы қағаздар рыногындағы ынтымақтастығы туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 23 қыркүйектегі N 1446 Жарлығы.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Келісім қолданысын тоқтатты - ҚР 24.12.2014 N 266-V Заңымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2679 заң күші бар Жарлығының 16-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Астана қаласында 2004 жылғы 18 маусымда жасалған Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің бағалы қағаздар рыногындағы ынтымақтастығы туралы келісім бекітілсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің бағалы қағаздар рыногындағы ынтымақтастығы туралы Келісім

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттер, бұдан әрі Тараптар деп аталады,

2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шартты басшылыққа ала отырып,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың мақсаттары мен міндеттерін іске асыра отырып,

бағалы қағаздар эмиссиясы мен айналысының бірыңғай тәртібін, бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асырудың бірыңғай тәртібін, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде инвесторлардың құқықтарын қорғау мен қамтамасыз етудің бірыңғай принциптерін құру қажеттілігін түсіне отырып,

Тараптардың экономикалық әлеуетінің өсуіне қолдау көрсетуге ұмтыла отырып, мына төмендегілер жайында келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары бірыңғай мемлекетаралық бағалы қағаздар рыногын құру, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде мемлекетаралық бағалы қағаздар рыногы инвесторларының мүдделерін қорғау бойынша шаралар әзірлеу мен қабылдау, мемлекетаралық бағалы қағаздар рыногы жөнінде ақпараттық деректер базасын құру және оны Тараптардың тең құқылы пайдалануын қамтамасыз ету болып табылады.

Мұндайда мемлекетаралық бағалы қағаздар рыногы деп қызмет ету мен мемлекеттік реттеудің жалпы принциптерімен біріккен Тараптардың бағалы қағаздар рыноктарының жиынтығын түсінуге болады.

2-бап

Бағалы қағаздардың шығарылымдарын және шығарылым қорытындылары туралы есептерді мемлекеттік тіркеу бағалы қағаздар орналастырылатын әрі айналыста болатын аумақ Тарапының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3-бап

Мемлекетаралық бағалы қағаздар рыногының қатысушылары әрбір Тараптың заңдарына сәйкес айқындалған бағалы қағаздардың эмитенттері, инвесторлар, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары болып табылады.

4-бап

Бағалы қағаздардың эмитенті резидент болып табылатын Тараптың аумағынан тыс бағалы қағаздарды орналастыруға әрі айналысқа жіберу осы Тараптың заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Эмитенті резидент еместер болып табылатын бағалы қағаздарды кез келген Тараптың аумағында орналастыруға әрі айналысқа жіберу аумағында бағалы қағаздар орналастырылатын әрі айналыста болатын Тараптың заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Мұндайда "резидент" және "резидент емес" деген ұғымдар әрбір Тараптың заңдарына сәйкес айқындалады.

5-бап

Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет аумағында мұндай қызмет жүзеге асырылатын Тараптың заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

6-бап

Мемлекетаралық бағалы қағаздар рыногындағы мәмілелер аумағында жасалатын Тараптың заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекетаралық бағалы қағаздар рыногында бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер бойынша есеп айырысулар аумағында осы мәмілелер жасалатын Тарап заңдарының талаптарын ескере отырып мемлекетаралық бағалы қағаздар рыногы қатысушыларының келісімі бойынша айқындалады.

7-бап

Тараптардың әрқайсысы өзінің бағалы қағаздар рыногында басқа Тараптың резиденттеріне барынша қолайлы режимді ұсынады.

8-бап

Тараптар:

бағалы қағаздардың эмиссиясын реттейтін;

резиденттердің бағалы қағаздарын басқа Тараптың аумағында орналастыруға әрі айналысқа жіберуді реттейтін;

резидент еместердің бағалы қағаздарын орналастыруға әрі айналысқа жіберуді реттейтін;

бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының және ұжымдық инвестициялар институтының қызметін реттейтін;

Мұндайда ұжымдық инвестициялар институты деп инвестициялық қорларды, мемлекеттік емес зейнетақы қорларын, инвестициялық қорлар мен мемлекеттік емес зейнетақы қорларының басқарушы компанияларын және мамандандырылған депозитарийлерін, сондай-ақ әрбір Тараптың заңдарына сәйкес ұжымдық инвестициялар институтына жататын өзге де ұйымдарды түсінуге болады;

бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының және ұжымдық инвестициялар институтының мамандарына қойылатын біліктілік талаптарын белгілейтін;

бағалы қағаздар рыногында мәмілелердің жасалуына қойылатын талаптарды белгілейтін;

бағалы қағаздар рыногында ақпаратты жария етуді реттейтін;

1) заңдардың үйлесімділігі бойынша;

2) корпоративтік мінез-құлық кодекстерінің үйлесімділігі бойынша;

3) бағалы қағаздар рыногында бақылау жасауға бірыңғай көзқарасты құрау бойынша шараларды қолға алуға міндеттенеді.

9-бап

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитеті Тараптардың бағалы қағаздар рыноктары туралы ақпараттық деректер базасын қалыптастырады.

Тараптар өздерінің заңдарына сәйкес Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитетіне өздерінің бағалы қағаздар рыноктарына қатысты мәліметтерді ұсынуға міндеттенеді.

10-бап

Тараптар өздерінің бағалы қағаздар рыноктарын реттеу жөніндегі уәкілетті органдарына мемлекетаралық бағалы қағаздар рыногында бақылау жасау үшін қажетті ақпаратпен тұрақты негізде алмасуды тапсырады.

Тараптар осы Келісімнің негізінде мұндай мәліметтерді берген Тараптың жазбаша келісімінсіз Тараптардың біреуінен алынған мәліметтерді үшінші тарапқа бермеуге міндеттенеді.

11-бап

Осы Келісімді іске асыру бойынша үйлестіру жұмысы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитетінің 2002 жылғы 29 қарашадағы N 159 шешіміне сәйкес құрылған Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитетінің жанындағы Бағалы қағаздар рыноктарын реттеу жөніндегі уәкілетті органдар басшыларының кеңесіне жүктеледі.

12-бап

Осы Келісім Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың мүшелеріне қабылданған кез келген мемлекеттің оған қосылуы үшін ашық болады.

Осы Келісімге қосылу туралы құжат Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитеті болып табылатын депозитарийге сақтауға тапсырылады.

Қосылған мемлекеттерге қатысты осы Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күннен бастап күшіне енеді.

13-бап

Тараптардың уағдаласуы бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін әрі олар оның ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

14-бап

Осы Келісімді қолдануға немесе талқылауға байланысты туындайтын даулар мүдделі Тараптардың кеңес беруі мен келіссөздері арқылы шешіледі.

15-бап

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың біреуі де кезекті бесжылдық кезең аяқталғанға дейін кемінде алты ай бұрын депозитарийге оның қолдануын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламаны жібермесе, ол одан кейінгі бесжылдық кезеңдерге ұзартылады.

16-бап

Осы Келісім оған қол қойған Тараптар қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы хабарлама депозитарийдің сақтауына тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

Тараптардың әрқайсысы депозитарийге бұл жөнінде шыққанға дейін кемінде алты ай бұрын жазбаша хабарламаны жібере отырып, осы Келісімнен шыға алады.

Осы Келісім Тараптардың осы Келісіммен қамтылатын мәселелерге қатысты қолданылып жүрген халықаралық шарттары бойынша немесе осы Келісімнің мәні мен мақсаттарына сәйкес жасалуы мүмкін халықаралық шарттар бойынша өзара құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

2004 жылғы 18 маусымда бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды.

Беларусь Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін

Осы аударма Астана қаласында 2004 жылғы 18 маусымда жасалған Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің бағалы қағаздар рыногындағы ынтымақтастығы туралы келісімнің мәтінімен бірдей болып табылады.